

Үй тапсырмасы

**Ішінде белгісіздік есімді болатын,
отбасылық кіріс шығыс туралы
жазған сөйлемдеріңізді оқыңыз.**

Өткен сабақты қайталау

Сөйлемдерді оқып шығып, есімдіктерді тауып, айтындар.

1. - Әй, осы сенің мергендігіңді айтқанда, аузымызды ашып, көзімізді жұмамыз, көрсетші сол өнеріңді. – деді жеңгесі.
2. – Мына қасқыр неге көмілді? Екіншісі қайда кетті? Бұлардың не ойлағаны бар? деген сұрақ енді Рамазан мергенді дал қылады. Қалай болған күнде де мынаның тегін емес екені анық. Демек, қапы қалмай тұрғанда, бір әрекет жасап қалу керек деп ойлайды мерген.
3. Ол дүниенің бәрін ұмытып, өзімен - өзі жас баладй маз. Барша зейіні бауырынабасқан құсқа ауып, тап бір аяулы арманы қолына қонғандай күйге түскен.

.

**Тазалықты
сақтайық**

Етістік

**«Тазалық – денсаулық негізі,
Денсаулық – байлық негізі»,-
дейді халқымыз. Бұл нақыл сөзді
бекер айтпаған.**



Адам денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл – күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі.

Халқымыз «Денісаудың – жанысау» деп орынды айтқан. Отанымыздың келешегі, көркеюі, балалар, сендердің қолдарыңда. Қызыл гүлдің ішінен бір ақ гүл көрсең көзің соған түседі. Біздің де өмірімізді жарық қылатын, жан — жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық не деп ойласыңдар?

Етістік - заттың қимылын сипаттайтын сөз табы етістік деп аталады. Қазақ тіліндегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы ең кең грамматикалық категория.

Қажетті етістіктерді жазыңыз.



Бейнематериал (19)

1. Сіз сенбілікке шығасыз ба?
2. Сенбілікке шығу ұнай ма?
3. Қаламазды таза ұстау өзімізге байланысты дегенге келісесіз бе?
4. Келіссеңіз, неліктен олай ойлайсыз?

Қажетті етістіктерді жазыңыз.



Мәтінді оқып, етістіктерді тауып жазыңыз. Мәтін неліктен «Ең үлкен байлық» деп аталған?

Ең үлкен байлық

Ертеде бір жас жігіт өзінің кедейлігін айтып, әрдайым мұңын шағудан жалықпайды екен;

- Шіркін-ай, егер менің байлығым көп болса, қандай жақсы болар еді. Мен онда асып-тасып өмір сүрер едім, - деп зарлауын қоймайды.

Бір күні жігіттің лашығының қасына қарт тас қасаушы өтіп бара жатып, зарлап отырған әлгінің қасына келіп;

- Саған не болды сонша жыланып? Сен нағыз бай адам емессің бе? – деп сұрайды.

- Мен баймын ба? – деп таңқалады жігіт. – Қане қайда ол байлық?

- Сенің көздерің ше? Бір көзіңді біреуге қаншаға берер едің? – деп сұрады.

- Оның не? – деп шошып кетті жігіт.

- Мен көзімді ешқандай байлыққа айырбастамаймын.

- Жарайды деді тас қасаушы. Ендеше екі қолыңды шауып тастасын, сол үшін саған көп алтын береді.


- Жоқ, қолымды бермеймін, алтының керек емес, - деді жігіт.

- Міне, көрдің бе? Сен өте бай адамсың зой, - деді қарт қасаушы.

- Ендеше несіне зарлай бересің? Маған сенсең, адамның ең үлкен байлығы – күш қуаты мен денсаулығы. Оны ақшаға сатып ала алмайсың, - деді де, ол өз жөніне кете барды.

ӘҢГІМЕЛЕСУ

1. Тазалықты сақтау адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар?
2. Елімізді ластамау үшін ең бірінші не істеу керек?
3. Сендер тазалық сақтайсыңдар ма, сақтасандар қалай?



СҰРАҚ – ЖАУАП ӘДІСІ:

- **ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫЗДАР, АДАМНЫҢ ДЕНІ САУ БОЛУ ҮШІН ҚАНДАЙ ШАРТТАР ОРЫНДАУ ҚАЖЕТ?**
- **ДЕНЕСІН, БЕТІ - ҚОЛЫН, КИІМІН ӘРДАЙЫМ ТАЗА ҰСТАУ КЕРЕК.**
- **ЖАТТЫҒУ ЖАСАП, СПОРТПЕН АЙНАЛЫСУ КЕРЕК.**
- **ДӘРУМЕНІ МОЛ ТАҒАМДАРДЫ, ЖЕМІСТЕР МЕН КӨКӨНІСТЕРДІ ЖЕУ КЕРЕК.**

ЕНДЕШЕ, БҮГІНГІ ТАҚЫРЫБЫМЫЗ «ТАЗАЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ» ЖАЙЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?

1. Өленді түсініп оқы. Дара және күрделі етістіктерді тап.

Балбұлақтар ағады.

Баурайынан таулардың

Балбұлақтар ағады.

Балбұлақтан қанғанның

Бойы сергіп қалады.

2. Дара етістіктерді күрделі етістікке айналдырып жаз:

Ойнады -

Жазды -

Оқыды -

Жүгірді -

Отырды -

СҰРАҚ

- **Жігіт байлықты қалай түсінді?**
- **Үлкен адамның кеңесінен соң жігіттің байлық туралы көзқарасы өзгерді ме?**

Сабақты бекіту

Етістік дегеніміз не?

Қандай сұрақтарға жауап береді?

Етістіктер нешеге бөлінеді?

Дара етістік дегеніміз не? Мысал

Күрделі етістік дегеніміз не? Мысал

Сөйлемде етістік қандай сөйлем мүшесін атқарады?

Үйге тапсырма

1. Дара, күрделі етістіктерді екі бағанға бөліп жаз:

Жайнады, бақылап тұр, жалғады, тартып отыр, шашты,
ұшты, қонып жатыр, оқып отыр, шауып жатыр,
секектеді, билеп жүр, тегістеді, сыртылдайды, шауып
барады.

2. Осы етістіктерді пайдаланып сөйлем құраңыз.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

